

Халықаралық Қайта Құру және Даму Банкінің N 4467 KZ заемын (Құқықтық реформаның жобасы) іске асыру салаларын Қазақстан Республикасының Жоғарғы Соты мен Әділет министрлігі арасында бөлу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2001 жылғы 26 ақпан N 279

Қазақстан Республикасы мен Халықаралық Қайта Құру және Даму Банкінің арасындағы Заем (Құқықтық реформа жобасы) туралы 1999 жылғы 20 мамырдағы келісімді тиімді іске асыру мақсатында "Бюджет жүйесі туралы" 1999 жылғы 1 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының Z990357_24-бабына және Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасының сот жүйесінің тәуелсіздігін күшейту жөніндегі шаралар туралы" 2000 жылғы 1 қыркүйектегі N 440 U000440_ , "Қазақстан Республикасының құқық қорғау қызметін жетілдіру жөніндегі шаралар туралы" 2001 жылғы 22 қаңтардағы N 536 U010536_ Жарлықтарына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. 2001-2003 жылдарға арналған Құқықтық реформа жобасын іске асыруға көзделген Халықаралық Қайта Құру және Даму Банкінің N 4467 KZ заемы (бұдан әрі - Заем) қаражатын Қазақстан Республикасының Жоғарғы Соты мен Әділет министрлігі арасында бөлу туралы Қазақстан Республикасының Жоғарғы Соты мен Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің ұсынысы қабылдансын.

2. Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1) "Қазақстан Республикасы мен Халықаралық Қайта Құру және Даму Банкінің арасындағы Заем (Құқықтық реформаның жобасы) туралы келісімді іске асыру жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 15 ақпандағы N 248 P000248_ қаулысына:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Қазақстан Республикасының Жоғарғы Сотына 7 103 000 (жеті миллион жүз үш мың) АҚШ доллары мөлшерінде Заем қаражатын, сондай-ақ республикалық бюджеттен 1 100 000 (бір миллион жүз мың) АҚШ долларына тең мөлшерде қоса қаржыландыру қаражатын мақсатты әрі тиімді пайдалану үшін жауапкершілік жүктелсін және Қазақстан Республикасының Әділет министрлігіне 9 397 000 (тоғыз миллион үш жүз тоқсан жеті мың) АҚШ доллары мөлшерінде Заем қаражатын республикалық бюджеттен 900 000 (тоғыз жүз мың) АҚШ долларына тең мөлшерде ортақ қаржыландыру қаражатын мақсатты әрі тиімді пайдалану үшін жауапкершілік жүктелсін.";

2) "2001 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан

Республикасының Заңын іске асыру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2000 жылғы 29 желтоқсандағы N 1950

P001950_

қаулысына:

"Қазақстан Республикасының 2001 жылға арналған республикалық бюджеті"

1-қосымшада:

"IV "Шығыстар" бөлімінде:

3 "Қоғамдық тәртіп және қауіпсіздік" функционалдық тобында:

2 "Құқықтық қызмет" ішкі функциясында "1 488 642" саны "1 386 638"

санымен ауыстырылсын;

221 "Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі" әкімшісі бойынша:

"1 488 642" саны "1 386 638" санымен ауыстырылсын;

39 "Құқықтық реформа" бағдарламасында "305 400" саны "203 396" санына

ауыстырылсын;

80 "Сыртқы заемдар есебінен жобаны іске асыру" бағдарламасында

"305 400" саны "203 396" санымен ауыстырылсын;

3 "Сот қызметі" ішкі функциясында "3271650" саны "3373654" санымен

ауыстырылсын;

501 "Қазақстан Республикасының Жоғарғы Соты" әкімшісі бойынша:

"3271650" саны "3373654" санымен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы бағдарламамен және кіші бағдарламамен

толықтырылсын:

"39 Құқықтық реформа 102004

80 Сыртқы заемдар есебінен жобаны іске асыру 102004";

"Республикалық бюджеттік бағдарламаларды (кіші бағдарламаларды)

өткізу нысандары" 2-қосымшада:

IV "Шығыстар" бөлімде:

3 "Қоғамдық тәртіп және қауіпсіздік" функционалдық тобында:

3 "Сот қызметі" ішкі функциясында:

501 "Қазақстан Республикасының Жоғарғы Соты" әкімшісі бойынша:

мынадай мазмұндағы бағдарламамен және кіші бағдарламамен

толықтырылсын:

"39 Құқықтық реформа

80 Сыртқы заемдар есебінен жобаны іске асыру Инв. жоба".

3. Мыналардың күші жойылды деп танылсын:

1) "Қазақстан Республикасы мен Халықаралық Қайта Жаңарту және Даму Банкінің арасындағы Заем (Құқықтық реформаның жобасы) туралы келісімді іске асыру жөніндегі үйлестіру-байқаушы кеңесі туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 25 қаңтардағы N 128 P000128_ қаулысы;

2) "Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 25 қаңтардағы N 128

қаулысына өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 13 қарашадағы N 1703

P001703_

қаулысы.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Премьер-Министрдің орынбасары О.Ә. Жандосовқа жүктелсін.

5. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Мамандар:

Багарова Ж.А.,

Қасымбеков Б.А.